

Абай облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 қаңтардағы № 15 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 қаңтарда № 11 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 186 қаулысы

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы әкімдігінің 20.09.2024 № 186 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-4-бабының 4-1) тармақшасына, "Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22807 болып тіркелген) сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Абай облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. "Абай облысының қоғамдық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ш. Байбеков

2023 жылғы 24 қаңтардағы
№ 15 қаулысымен
бекітілген

Абай облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1. Абай облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың осы әдістемесі (бұдан әрі - әдістеме) Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 4-4-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Абай облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі — көрсетілетін қызмет) осы әдістеменің қосымшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына байланысты айкындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айкындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі көрсетілетін қызмет құны;

V_n – газетте орналастырылатын көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын шаршы сантиметрмен есептелетін көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы көрсетілетін қызмет құны;

V_m – журналдар орналастырылатын көрсетілетін қызмет үшін базалық баға бір шаршы сантиметр;

V – шаршы сантиметрмен есептелетін журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = V_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызмет құны;

V_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундiнiң, минутының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің таңбалармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам болса – 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевизияда орналастырылатын көрсетілетін секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі.

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизияда көрсетілетін қызметтердің жанрлар бойынша бөлінулері ескерілмеген жағдайда, телевизиядағы көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $Pr=Br \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

Pr (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

Br – радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының базалақ бағасы;

V – радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлімі.

Абай обласының аумағындағы
бұқаралық ақпарат
құралдарында
мемлекеттік ақпараттық
саясатты
жүргізу үшін сатып алынатын
көрсетілетін қызметтердің
құнын
айқындау әдістемесіне
қосымша

Абай облысы аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағалары

№	Қызметтер атауы	Өлшем бірлігі	2023 жыл(теңге)	2024 жыл(теңге)	2025 және кейінгі жылдар(теңге)
1.	Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bп)	ш а р ш ы сантиметр	750	750	750
2.	Абай облысы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды	ш а р ш ы сантиметр	173		173

	дайындау және орналастыру) (Bn)			173	
3.	Абай облысының қалалары мен аудандары аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	130	130	130
4.	Абай облысы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm)	шаршы сантиметр	500	600	600
5.	Абай облысының қалалары мен аудандары аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm)	шаршы сантиметр	112	120	130
	Республикалық маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурс				

6.	та көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Ві)	таңба	110	110	110
7.	Өңірлік маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Ві)	таңба	20	20	20
8.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін қызмет (сюжеттер, ақпараттық-талдамалық бағдарламалар өндіру және орналастыру) (Вtv)	минут	655 000	655 000	655 000
9.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, А б а й облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-	минут	50 000		60 000

	<p>’, радиоарналарды ң тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет () сюжеттер, ақпараттық-талд амалық бағдарламалар өндіру және орналастыру) () Btv)</p>			60 000	
10.	<p>Міндетті теле-, радиоарналарды ң тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, А б а й облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, ’, радиоарналарды ң тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет () телевизиялық, білім беру, танымдық бағдарламалар, деректі фильмдер, өндіру және орналастыру) () Btv)</p>	минут	36 000	44 000	44 000
	<p>Міндетті теле-, радиоарналарды ң тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, А б а й облысының</p>				

11.	аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (бейнероликтер өндіру және орналастыру) (Btv)	секунд	720	860	860
12.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Семей қаласы аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық-талдамалық, телевизиялық, білім беру, танымдық бағдарламалар, деректі фильмдер өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	8000	10 000	10 000
	Міндетті теле-, радиоарналарды				

13.	<p>ң тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Семей қаласы аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды өндіру және орналастыру) (Btv)</p>	минут	8000	10 000	10 000
14.	<p>А б а й облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Bг)</p>	минут	5 100	5 100	5 100
15.	<p>А б а й облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (аудиороликтерді дайындау және орналастыру) (Bг)</p>	секунд	85	85	85

